



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Бөкейханов Ә. Би һәм билік; (Қазақ елінің әкімшілік, сот құрылымындағы өзгерістер, отырықшылыққа бет алу мәселелері)//Қазақ.-311.-1914.
3. Жексембекова В.А., Жанпейісова Қ.Д.Қазақстан Республикасы жастарының электоралдық белсенділігі: Оқу құралы/-Алматы; Эверо баспасы, 2015.- 144бет.
4. Қазақ Советтік социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация 25 қазан 1990 жыл; «ҚР Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР-ның 1991 жылғы 16 желтоқсандағы конституциялық заңы.«Қазақ ССР Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» 22 сентябрь 1989 жылғы ҚазССР заңы.Қазақ ССР Жоғарғы советінің ведомствалары.№40-41, 1989, 336 бет.
5. Жанұзақова Л.Т. Конституционно-правовые проблемы организации и деятельности местных представительных органов в Республике Казахстан:дисс. На соиск. Ученой степени д.ю.н. Алматы, 2004.-С.319.
6. А.Ж.Жарболова, Д.О.Кусаинов. Қазақстанда кеңестік заманда жергілікті өкілді биліктің мәртебесінің бекітілуі және даму өзгешелігі./ Мақала/
7. «Қазақ ССР Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» 22 сентябрь 1989 жылғы ҚазССР заңы.Қазақ ССР Жоғарғы советінің ведомствалары.№40-41, 1989, 336 бет.
8. «ҚР-ның Конституциясы»-жаңа редакцияда 7.10.1998 ж.№284-І;21,05,2007 ж. №254 ІІІ; 2,02,2011 ж. №403-IV; 10.03,2017 ж.№51-VI заңдарымен өзгертілген.
9. Сайлау үдерісін құқықтық реттеу:Оқу құралы / Жанпейісова Қ.Д.- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2014.- 168 бет
10. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы.Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы.
11. С.К.Амандықова, Қ.Қ.Садықова.Қазақстан Республикасындағы мәслихат депутаттарын сайлау барысындағы сайлау үрдісі кезеңдерінің ерекшеліктері./ Мақала/-2013.
12. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ақпараттық бюллетені. – Астана. – 2008.
13. Айталы А. Байсалды ел байқаусыз қате жібермес. – Алматы: Таймас баспасы, 2008. – 328 бет + 8 жапсырма бет.
14. Чиркин В.Е. Шетелдердің конституциялық құқығы. Оқулықты орыс тілінен қазақшаға аударған: Б.Ө.Алтынбасов. – Алматы: ЖШС «Айсан Пресс» баспа үйі, 2012, -297 б.
15. Қазақстан Республикасы жастарының электоралдық белсенділігі: Оқу құралы – Алматы: Эверо Баспасы, 2015. – 144 б.

ӘОЖ 340

ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕТІКТЕРІ

Сейтова Айгерим Бадыкеновна

Seitovaaigerim98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Құқықтану» мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Н.Д. Мырзатаев

Түйін

Аталған мақалада жалпы білім мен ғылымның мемлекет дамуындағы өзектілігі, білім беру жүйесіндегі жоғары білім берудің маңызы және оның мемлекет тұрғысынан құқықтық түрде реттелуінің негізінде, жоғары білім берудің жүйеленіп бір жолға түсірілуі қаралды.Қазақстандағы жоғары білім беруді құқықтық реттеу КСРО кезеңінен басталатындықтан, КСРО-ның осы саладағы заң жобалары мен олардың нәтижелері салыстырмалы түрде көрсетілген.Осы жүйе негізінде дамыған тәуелсіз еліміздің жоғары білім

саласындағы заң жобалары мен шет мемлекеттер тәжірибесіндегі жоғары білім берудің дамуы және осыған қатысты идеялар ұсынылған.

Кілттік сөздер: білім мен ғылым, жоғары білім, құқықтық реттеу, заң жобасы, дамыту идеялары.

Мемлекет және қоғам пайда болған сәтінен бастап қатар дамуы бізге тарихтан айқын көрінеді. Қоғам мен мемлекетте тарихтын әр кезеңінде оларды алға немесе артқа сүйрейтін саяси экономикалық, мәдени-әлеуметтік факторлардың бар болғаны теориялық және тәжірибелік тұрғыдан дәлелденген мәселе. Қай жағынан қарайтын болсақта мемлекет пен қоғамның қаншалықты тығыз әрі жүйелі байланыста екеніне анық көз жеткіземіз, бірақ ғылыми теориялық тұрғыдан қарайтын болсақ мемлекет пен қоғамды тығыз байланыстыратын негізгі аспектілерді нақты байқаймыз. Солардың ішіндегі мемлекетпен қоғамды дамытатын, жүйелі байланыстыратын, қоғам мүшелерін тәрбиелейтін, сол арқылы мемлекет деңгейін көтеретін негізгі фактор мемлекеттік құқықтық жүйемен реттелген дұрыс ұйымдастырылған білім беру жүйесі, яғни қай кезеңде болмасын қоғам мен мемлекет дамуын алға сүйреген фактор болған белгілі, ал енді білім жүйесі мен оның құқықтық тұрғыдан реттелуіне назар аударсақ, мемлекет қолдауынсыз, құқықтық тұрғыдан дұрыс жолға қойылмаған білім жүйесі кері кететіні дәлел. Оған, мысал қазіргі кезде білім жүйесін енді ғана жолға қойып жатқан мемлекеттер дәлел бола алады және Еуропада орта ғасырдың алғашқы шектерінде діннің ғылым мен білімнің дамуына тұсау салуы, білім мен ғылымға мемлекет тарапынан құқықтық болсын, материалдық тұрғыдан ешқандай қолдаудың көрсетілмеуі, сол заманда көптеген ғалымдар еңбектерінің, ғылыми жаңалықтарының мемлекетті дамыту мүддесінде ешқандай септігін тигізе алмау салдарына әкеп соқтырғаны баршамызға белгілі.

Білім беру жүйесі әрине әртүрлі сатылардан тұрады, солардың ішіндегі өте маңызды тәжірибелік тұрғыдан мемлекеттің дамуына елеулі үлес қосатын, қоғамдық ортаға әсер ететін ерекше мамандарды, ел дамуына үлес қосатын ұлы тұлғаларды дайындауға себепкер болып, әр азаматтың қоғамнан ойып тұрып орын алуына бастамашы болатын, ғылым мен білім саласында нақты бағыт беретін жоғарғы оқу орнындарындағы білім беру. Жоғарғы білім саласының маңызына тоқталар болсақ, осы білім саласында жеткен жетістіктер қоғамның әр саласын өрге сүйрейді. Жоғарғы білім саласы да, қоғамның басқа салалары сияқты мемлекеттің қолдауын, алдымен құқықтық тұрғыдан оның дұрыс жолға қойылуына мұқтаж, жоғарғы білім саласы мемлекет дамуы үшін қаншалықты маңызды болса, оны құқықтық тұрғыдан реттеу соншалықты маңызды.

Еліміздегі жоғарғы білім саласының құқықтық тұрғыдан реттелуіне тоқталар тұста Қазақстандағы XX ғ. мен XXI ғ. аралығындағы жоғарғы білім берудің теориялық негізделген құқықтық жүйесін қарастырсақ болады. Тарихтың толқынында еліміздің жоғарғы білім беру жүйесінің теориялық негізделген тұрғыда дамуы түп негізде одақпен тікелей байланыста отырып, дамуға саясаттың сыртқы фактор ретінде әсер етуінен біздің жоғарғы білім беру жүйеміз одақпен бір негізді ұстанды.

Ал ел еркіндігін аңсаған алашордашылардың жоғарғы білім саласы туралы Алашорда бағдарламасына енгізген мәселелері бөлек бір мәселе. Сол кездегі Алаш партиясының бағдарламасының жетілгендігі сондай, білім мен ғылымға қатысты саясаты бүгінгі күндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталғандай. 1917 жылғы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланған бағдарламасының 9-бабы ғылым-білім үйрету ісіне арналып «Оқу орындарының есігі кімге де болса ашық, һәм ақысыз болуы; жұртқа жалпы жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы; үкімет білім ордаларының ішкі ісіне араласпауы; мұғалімдер мен профессорлар өзара сайлануы керек; ел ішінде кітапханалар ашылуы керектігі» жөнінде айтылған [1]. Жобадағы мемлекеттік тілде білім алу, қазақ жерінде университет ашу идеялары «Алаш» зиялыларының көрегендігі деп айтуға болады. Бұл идеяның астарында болашақта қазақ елі көзі ашық, интеллектуалдық тұрғыдан дамыған ел болсын деген мақсат арман жатыр [2, 75-бет].

КСРО тарихындағы жоғарғы білім саласын құқықтық тұрғыдан реттеу мәселесі 1918 жылы 2 тамызда В.И. Ленин РСФСР Халық Комиссарлары кеңесінің «Жоғарғы оқу орындарына

қабылдау ережесі туралы” Декретіне қол қойған сәттерден басталды. Онда жоғарғы оқу орындарына 16 жасқа толған қыз бен жігіттерді қабылдау қаралды. Оқуға түсетіндерден жеке басы мен жасын көрсететін куәліктен басқасын талап етуге тыйым салынды. Білім беруге ақы төлеу тоқтатылды. Студенттерге мемлекеттік стипендия тағайындалды [3]. 1936 жылғы 5 желтоқсанда қабылданған КСРО Конституциясының 121-бабында халықтың барлығына білім алудың барлық деңгейінде тегін білім алуына мемлекетпен кепілдік берілетіні туралы бекітілген. 1947 жылы “Қазақ КСР-де жоғары және орта білім беруді одан әрі дамыту шаралары туралы” қаулы қабылданды. 1977 жылы 7 қазанда қабылданған КСРО конституциясының 45-бабында білім алудың толық тегін болуы туралы айтылады, кәсіби білім алудың өмір мен өндіріспен байланыстылығы қамтамасыз етілетіндігі жөнінде сөз қозғалған еді [2].

КСРО тарихындағы осындай заңдар жоғарғы білім саласының құқықтық тұрғыдан реттелуіне жол ашты. Осы заңдар негізінде КСРО-да 1946-1956 жылдары кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде 344,5 мың жас маман дайындалды. 1965-1966 оқу жылында 39 жоғары оқу орындарында 144,7 мың студент оқыды. Соғыстан кейінгі 20 жыл ішінде жоғары білімді мамандар даярлау 11 есеге өсті. 1965 жылы халық шаруашылығында 0,5 млн-нан астам дипломды маман жұмыс істеді. 1980 жылдардың ортасында ЖОО-ның саны 55-ке жетті. Бұл жылдары студенттік құрылыс отрядтары өріс алды. Орта арнаулы оқу орындарының саны 246-ға жетті. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарынан 550 мыңға жуық студенттер мен оқушылар 200 түрлі мамандық алды [4]. Бұның барлығы жоғарғы білім саласының мемлекет тарапынан реттелуінің, жалпы қоғам үшін, мемлекеттің әр азаматының жоғары білімді болуының олардың құқықтық санасының өсуіне тікелей ықпал етіп, ал бұл халықтық мемлекет өмірінде, қоғам өмірінде үлкен белсенділік танытуына алып келетінін және де мемлекеттің экономикалық әлеуетінің өсуіне тікелей ықпал етіп, елді алға жетелейтінінің сол замандағы дәлелінің көрінісі.

Жоғарыда айтқанымыздай біздің еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің дамуы одақпен тікелей байланысты болып, КСРО-дағы нормативтік-құқықтық актілер негізінде құқықтық тұғырдан реттелгені белгілі. Бірақ ұлтымыз тәуелсіздігін қайта жаңғыртып, өзіндік даму жолына түскен сәттен бастап жоғары білім жүйесіне де көптеген өзгерістер енгізілді. Себебі тәуелсіздігін жаңа алған жас мемлекет үшін білімді де білікті өз ісінің мамандарын даярлау болашақтың іргесіне қалаған бір кірпіші іспеттес еді. Әрине мықты маман даярлау сөзсіз жоғарғы білім жүйесін жетілдірумен, яғни алдымен теориялық тұрғыдан оның жобасын жасап, мақсатқа жетумен тікелей байланысты еді. Ендеше еліміз егемендік алған тұстан басталған жоғары білім беру жүйесіне жасалған реформалар мен заң жобаларымен танысар болсақ ол төменде көрсетілген ғалымдар пікіріне сәкес келеді.

Егемендік алған жылдан бастап, Қазақстан Республикасында ең алдымен жоғары білім беру жүйесін реформалау жұмыстары қолға алынды. Р.Т.Игенбаева жоғары білімді реформалауды төрт кезеңге бөліп қарастырды. Бірінші кезең (1991-1994) – жоғары білімнің нормативтік және құқықтық базасының қалыптасуы. 1993 жылы ҚР «Жоғары білім туралы» заңы қабылданды. 1994 жылы ҚР жоғары білімнің Мемлекеттік стандарты бекітіліп, онда алғаш рет білім берудің көп сатылы құрылымы, бакалавр мен магистрлардың академиялық дәрежелері белгіленді. Сондай-ақ, 342 мамандықты қамтитын ҚР жоғары білім мамандықтарының жаңа Жіктемесі бекітілді. Осы кезеңде мемлекеттік емес біліс беру секторы да дами бастады. Аймақтарда салалас жоғары оқу орындарын біріктіру жолымен классикалық үлгідегі университеттер ұйымдастырылды. 1999-2000 жылдары білім жөніндегі қазақстандық құжаттардың басқа мемлекеттерде, сол сияқты шетел құжатарының ҚР-да танылуы жүзеге асырылды. Оның іске асуына жоғары білімге қатысты біліктілікті тану жөніндегі 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Лиссабон конвенциясын ратификациялау және бекіту туралы ҚР Президентінің Жарлығы ықпал етті. Осы жылдары Беларусь, Қырғызстан, Ресей Федерациясымен ҚР Үкіметтері арасында білім жөніндегі құжаттардың, ғылыми дәрежелері мен ғылыми атақтардың эквиваленттілігі және оларды өзара тану жөніндегі келісімге қол қойылды. Бұл құжат 1998 жылдың 1 қазанынан өз күшіне енді. 1999 жылға дейін білім жүйесін дамытудың құқықтық негіздері «Білім туралы» және «Жоғары білім туралы» 1992 және 1993

жылдары қабылданған екі заңмен реттеліп келді. Дегенмен, бұл заңдар ҚР жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында құқықтың іргетасын толық көлемде қамтамасыз ете алмады. Қалыптасқан жағдайға байланысты білім жүйесін нарықтық жолға көшіру, ҚР Конституциясының азаматтардың жоғары білім алу, мемлекеттік емес білім секторларының орны мен рөлін анықтау, шетелдік халықаралық және діни білім ұйымдарының қызметін құқықтық негіздеу туралы ата заңның 30-шы бабын толық ашу оның заңнамалық негізін жасаудың қажеттігі пісіп жетілді. Айтылған міндеттердің жүзеге асыру 1999 жылы ҚР «Білім туралы» заңын қабылданнан кейін мүмкін болды. Бұл жылдары жоғары оқу орындарына қабылдау қағидалары түбегейлі өзгерді. Мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары кәсіптік білімді маманадр даярлау жүзеге асырылды. Аталмыш модельдің тиімділігі мен ерекшелігі біріншіден, талапкердің білімін бағалауды барынша әділ түрде жүргізуге мүмкіндік беруінде, екіншіден мемлекеттік білім гранттары мен несиелерін белгілеуде әлеуметтік тепе-теңдіктің орнығуында. Сондай-ақ осы жылы жаңа модельді іске асыру арқылы алғаш рет орта арнайы білім беру деңгейіне мониторинг жүргізілді. Білім беру жүйесін реформалаудың 2001 жылдан бергі кезеңінде және бір жаңалық енгізілді. Жоғары кәсіптік білімнің құрылымы жоғары базалық білім (бакалавриат), жоғары арнаулы білім; жоғары ғылыми педагогикалық (магистратура) болып заңды түрде бекітілді. 2004 жылы бекітілген «ҚР білім беруді 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» еліміздегі білім беру жүйесінің негізгі бағыттары айқындалды. 2004 жылы «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы» қабылданды. 1999-2000 оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарындағы білім беру кредиттік технологияға көшті. 2007 жылы «Білім туралы» жаңа заң қабылданды[5]. Одан кейін «ҚР-сында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілген. Бұл бағдарламада жоғарғы білімнің мазмұны мен құрылымын Болон процесінің параметрлеріне сәйкес келтіру арқылы жоғары білімнің еуропалық аймаққа кірігуін қамтамасыз ету мәселелері, білім-ғылымның өндіріспен кірігу мәселелері көтерілген болатын. Бірақ бұл заңнаманың күші қазыргы таңда жойылған[6].

2013 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпығы міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» заңнамада жоғарғы білім беру мазмұнына қойылатын негізгі талаптар және жоғары білімді ары қарай жалғастыру жөнінде мәселелер көтерілген[7].

2016 жылдың 1 наурызындағы №205 жарлығы бойынша «ҚР-ның білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді[8]. Білім беру мәселесі, оның ішінде жоғары білім беру, білікті кадр дайындау мәселесі Елбасымыздың жолдауларынан тыс қалған емес соңғы 2017 жылдың 31 қаңтарында қабылдаған жолдауында: «Тегін оқытумен ең әуелі жұмыссыз және өзін-өзі тиімсіз жұмыспен қамтыған жастар, сондай-ақ кәсіптік білімі жоқ ересек адамдар қамтылуы тиіс. Кәсіптік білім беру жүйесінде, мен айтқандай, экономикадағы жаңа өндірістер үшін мамандар дайындауға ден қою керек. Ол үшін кәсіптік стандарттар еңбек нарығының талаптарына және ең үздік әлемдік оқу-өндірістік тәжірибелерге сәйкес жаңартылуы қажет.

Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесі сапасына ерекше назар аударылады. Жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талап күшейтілуі қажет»[9] деген пікір білдірген. Яғни бұл жерде еліміздің президенті жоғарғы білім беруде білікті де мемлекетке қажетті кадр даярлау мәселелеріне, ақысыз оқыту мен жоғары білім беруде бақылау мен талап деңгейінің күшейту негізінде осы саланы дамытуды көздейді.

Еліміздегі жоғарғы білім саласын құқықтық тұрғыдан реттеуді жетілдіруде әрине біздің шетелдер тәжірибесінен де үлгі алуымыз қажет. Ресей Федерациясының жоғары білім беру жүйесін салыстырмалы түрде алып қарастырсақ, жоғары оқу орнын 5 жыл оқыған азаматтарға маман дәрежесі беріліп ал жоғары оқу орнын төрт жыл оқыған білімгерлерге бакалавр дәрежесін беру қоса жүргізіліп келуде. Бұл жоғары оқу білім салаларының қызметкерлері мен азаматтардың құқықтарын заң шеңберінде ғана қорғап қоймай, сонымен қатар, білім дәрежелерін анықтап тұр. Болон ережесін ішін-ара қабылдап өз елінің жоғары оқу орындары

мүддесін қорғайтын қос жүйені іске асырып жоғары білім беру жүйесін дамытып отырған ел[10, 105бет].

АҚШ Конституциясының 10-шы түзетуіне сәйкес, федералды үкімет жалпыұлттық білім жүйесін құруға, саясатын анықтауға және мектептер мен ЖОО-лардың оқу бағдарламаларын құруға құқығы жоқ. Мұндай мәселелер жөніндегі шешімдерді білім мекемесі орналасқан штат немесе округ деңгейінде шешіледі. Алайда атап кететін жайт, білім беру процесі көптеген федералды заңдармен реттеледі, олар білім мекемелерінің жұмысын мемлекет деңгейінде үйлестіріп, федералды орталықтың рөлін күшейтеді. Осы іс-шараларды іске асыру үшін 1979 жылы федералды білім беру департаменті құрылды. Федералды құжаттарда білім жүйесінің заңнамалық негізі көрсетілген[11].

Корея Республикасында білім алу құқығы конституцияларымен кепілдік берілген. Арнайы білім беру заң, сондай-ақ жеке нормативтік құқықтық актілер бар. Олардың ең қызықты білім реформасы саласында заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар. Корея Республикасының жоғары оқу орындарының бірнеше түрі бар: колледждер мен университеттер курс төрт жыл (медициналық және стоматологиялық колледждерде алты жыл), төрт жыл білім педагогикалық жоғары оқу орындары, екі жылдық кәсіби колледждер болып табылатын, ашық университеті, сондай-ақ колледж мәртебесі бар түрлі екі және төрт жылдық институттары. 2005 жылға арналған мәліметтері бойынша, онда жоғары білім мекемелері 419 55000 студент оқиды. Корея Республикасының колледждер мен жоғарғы оқу орындарының студенттері қабылдау қатаң ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Колледж және университет таңдау студенттер орта білім беру деңгейінің негізінде өтініш берушінің алынған балл, сондай-ақ ұлттық бірыңғай емтихан нәтижелерін қарастыру. Нәтижелерін алған кезде Сонымен қатар, 1996 жылдан бастап, кейбір университеттер эссе түрінде қосымша түсу емтихандарын жүргізу және пайдаланылады. 2005 жылы орта мектеп түлектерінің 88,3%, деңгейін және жоғары деңгейдегі кәсіптік орта мектеп бітірген кім 67,6% -ға өсті жоғары білім оқуын жалғастырды[12].

Дамуы жағынан әлдеқайда алда отырған бұл елдердің жоғары білім саласынан аларымыз мол. Ресей тәжірибесіне сәйкес Болон жүйесін ішінара қабылдап, еліміздің осы саладағы өзіндік даму жолын сақтап қалу бірден бір дұрыс пікір, ал АҚШ тәжірибесіне сүйенсек оқу орындарының автономды болуы, бірақ жоғары билікті заңдар бойынша орталық билікке, яғни мемлекетке бағынышты болу жоғары білім беруді дамытудың тиімді жолы, Корея еліндегі сияқты жоғары оқу орындарына қабылдау қатаң түрде ешқандай олқылықтарға жол берілмей өткізілсе нұр үстіне нұр болар еді. Жоғарыда айтылған елдердегі жоғары білім беру жүйесіндегі жетістіктері, әрине ең бірінші мемлекетпен құқықтық реттелуінде.

Ғылым-білімнің дамуы-мемлекет пен қоғамның дамуының алтын қақпасының кілті. Инновация мен жаңа технологиялар заманы болып табылатын ХХІ ғасырда қай мемлекеттің, қай қоғамның білім мен ғылым жүйесі жоғары дамыса, адами капиталы жылдам қарқынмен өссе, халқының ғылыми білім сауаттылығы өте жоғары деңгейде дамыса, сол мемлекеттің әлемдік аренадағы бәсі әрқашан жоғары болатынын ұмытпағанымыз абзал. Еліміздің жоғары білім жүйесін дамытамыз десек, оған жағдай жасайтын заңдар шығаруымыз керек. Құқықтық тұрғыдан осы мәселені реттеу мен мемлекет дамуының байланысы осында. Елімізді мәдени – саяси, экономикалық тұрғыдан дамытамыз десек мынадай іс-шараларды жүзеге асырудың қажеттігі туындап отыр. Біріншіден, жастар арасында жоғары білімнің сапасының қаншалықты маңызды екенін және нақты қоғамға қажет мамандықтарды игерудің маңыздылығын, мықты маман болудың еліміз үшін маңызын терең түсіндіріп, ұлттық идеологияны күшейту керек. Екіншіден, әлем елдері тәжірибесі көрсеткендей мемлекет қаржыны адами капиталға салып, оны заң аясында бекіту керек. Үшіншіден, ел экономикасын дамыту үшін жоғарғы оқу орындары мен мемлекет арасындағы байланыс қана емес, кәсіпкерлердің байланысын арттыру керек, яғни жоғары оқу орындарындағы ғылыми пайдалы жетістіктер ел игілігіне жарау үшін, әр адам олармен тікелей қарым-қатынас жасау керек, қарапайым халыққа оның өз жетістіктерінің мәнін қарапайым ашып беру үшін әртүрлі жиындар өткізуі керек, жоғары оқу орындарындағы кез-келген жетістік жерде қалмау керек, бұл елдегі шағын және орта бизнесті дамытуға үлкен себептігін тигізеді. Төртіншіден, қазіргі кезде оқу

ақысына байланысты, мемлекеттің гранттың жетіспеушілігіне байланысты кей жастар қалаған мамандығына бара алмай жатқан жағдайлар бар, соның салдарынан өз мамандығын сүймейтін сапасыз мамандар қоғамда жұмыссыз жүр, сондықтан да, оқу ақысына байланысты біраз реформалар жасалса нұр үстіне нұр болар еді. Бесіншіден, мемлекеттік саясатқа және қоғамның басқа салаларына шетелде білім алған шетелдегі жоғары білім алу жүйесін халқымыздың ұлттық менталитетімен ұштастыра білетін жас мамандарды тарту керек. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Еркін елдің ертеңі - кемел білім мен кемел ғылымда». Ендеше ғылымның бастауы болып табылатын жоғары білім беру жүйесінің маңызын түсініп, оның дамуын құқықтық негізде реттеп бір жүйеге келтіріп ғылым мен саясатты ұштастырып дамыған 30 елдің қатарына кіру деген асыл мұратымызды орындауымызға әбден болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Алаш партиясының программасының жобасы». Қазақ газеті, 1917 жылдың 21 қарашасы.
2. Алтынбасов Б.О. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласының өзекті мәселелері». «Мастер ПО» ЖШС. Монография. – Астана – 2014г. -352 б.
3. Құнантаева К. Қазақстанда халыққа білім беру ісінің дамуы. (1917-1920ж.ж.) – А., 1998.-38б.
4. АяғанБ., ШәймерденоваМ. Атамұра, -2013. Оқулық. *Қазақстан тарихы. 9-сынып. (3-бөлім).*
5. Игенбаева Р.Т. Жоғары мектеп педогогикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2011.
6. «ҚР-сында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы». 2010 ж. 7 желтоқсандағы №1118 жарлық.
7. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпығы міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы». ҚР-сы Үкіметінің 2012 ж. 23 тамыздағы №1080 қаулысы.
8. «ҚР-ның білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». ҚР президентінің 2016 ж. 1 наурызындағы №205 жарлығы.
9. ҚР-сы Президентінің 2017 жыл 31 қаңтардағы жолдауы.
10. Иванов Е.А. Ученые степени в Российской империи. ХХІв. – 1917 г. М.: Российская Академия наук, Институт российской истории, 1994. Стр-5.
11. ӨмірбекД. АҚШ жоғары білім саласындағы саясаты.
12. Власова С.В. ХХІ ғасырдың білім беру: ол қандай болады? SP сайты Kurdyumova <http://spkurdumov.narod>.

УДК 340.134

РАЗВИТИЕ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ПО УЧЕНИЮ И. КАНТА.

Серикбаев Маргулан

Студент 3 курса юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Научный руководитель – М.Х. Жуманова

Иммануил Кант (1724 - 1804) - родоначальник классической немецкой философии и основоположник одного из крупнейших направлений в современной теории права.

Канта по праву называют философом свободы. Квинтэссенцией этики мыслителя является учение о том, что человек – существо не только природное, но и свободное. «Кант пролагает новые начала развития и определяет направление юридико-политической мысли XIX века», — пишет П.И.Новгородцев.

Учение о праве и государстве Кант изложил в работах: «Основы метафизики нравственности» (1785); «Критика практического разума» (1788); «К вечному миру» (1795) и «Метафизика нравов в двух частях» (1797), где он с позиций «практического разума» дает рационалистическое обоснование данного учения.